

Диссертант Ержанова Айдана Жеңісқызының «Қазақстанның мәдени-өркениеттік дамуындағы келісім концептісі (әлеуметтік-философиялық талдау)» тақырыбындағы 8D02202 – Философия мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясына ғылыми жетекшінің

ПІКІРІ

А.Ж. Ержанованың диссертациялық жұмыс тақырыбының өзектілігі күмән туғызбайды. Атап айтқанда келісім құбылысы бүкіл халықтарға қатысты десе де болады, мәселе айқындалған сайын одан да өткір бола түседі. Қазіргі уақытта аталған саяси-әлеуметтік және мәдени күрделі мәселе теориялық және практикалық мағынасында өзекті, сондықтан философиялық зерделеудің маңызы зор. Бұл Жер планетасындағы халық санының тез өсуіне, жаппай қырып-жою қаруларының жетілуіне және таралуына, эпидемиялар мен індеттердің жиілеп кетуіне, қалыпты, үздіксіз жұмыс істейтін саяси, экономикалық және мәдени алмасулардың қажеттілігіне және т. б. байланысты болғаны белгілі. Замануи кезеңде әртүрлі мәдени және өркениеттік парадигмалардың келісіміне және дүниежүзі көлеміндегі әрекеттердің үйлесімділігіне қол жеткізуден басқа өзекті мәселені табу қиын. Әлем саяси, мәдени және дүниетанымдық жаһандық дағдарыс жағдайында тұр, сондықтан табиғи процестер күрделенуде, экологиялық дисбаланс аңғарылуда. Жалпы халықтар арасындағы келісім, іс-әрекеттердің үйлесімділігі, өзара көмек қажет және олардың құндылығы әлемдік соғыстар жылдарындағыдай бірнеше есе артып отыр.

Жұмыстың жоспарына сәйкес бірінші тарауда диссертант А.Ж. Ержанова «келісім мәселесін зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері» деген тарауда таңдалған тақырыптың ұғымдық негіздерін талқылаудан өткізеді. Зерттеу тәсілдері ретінде: әдіснама және дүниетаным мәселелеріне тоқталады.

Келісім ұғымын диссертант талдай келіп, ол тұтастықтың, бірліктің, көзқарастардың бір-біріне сәйкес келу белгілерінің бір түрі. Яғни, келісім ұғымын адекватты түсіну үшін тиісті принциптер мен әдістер қажет деген тұжырымдарды келтіреді. Олардың ішінде жалпыға бірдей байланыс, жеке мен көптіктің өзара әрекеттесу категорияларының ілеспе принциптерімен байланысты тұтастық принципі, сонымен қатар, компаративтік зерттеу әдісі қолданылады деп өзінің әдіснамалық бағдарын білдіреді. Бұл әдістерді қолдану философиялық, ғылыми танымдық тұрғыда дұрыс және диссертациялық зерттеу жағдайында жоғырыдағы әдістемелік аппаратты пайдаланудан аулақ болу мүмкін емес.

Келісім құбылысының философиялық мәнін түсіну үшін тағы бір маңызды аспект бар. Ол келісімнің құндылықтық ұғым екенін дәйектеу, соңында, дүниетанымдық құбылыс деп атауға болады. Осыдан келіп,

«келісім» ұғымын жан-жақты зерттеуде әдіснама мен дүниетанымның арақатынасы мәселесімен айналысу қажеттілігін білдіреді.

«Қазақстанның даму тарихындағы келісім концептісі» атты екінші тарауда қазақ философиясы ауқымындағы келісім концептісі, оның мәні және генезисі айқындалады.

Қоғамдық келісімді қалыптастыруда қазақ халықтық философиясы мен педагогикасының қағидаттары маңызды рөл атқарды, адамдардың шыққан руына қарамастан құрмет көрсету арқылы бірлікке келу шарты орындалады.

Қазақтың дәстүрлі мәдениетіндегі келісім концептісінің мазмұны келісімнің екі мәдени-тарихи түрінің екіншісіне сәйкес – стихиялы келісім, жылы келісімді көрсетеді. Бұл құрылыс сыртқы әсерден ғана емес, ішкі себептерден, жүректен шыққан ниет пен халықтың мәдени дәстүрлерінен туындайды. Әсіресе, дәстүрлердің жаңғыруы қажетті қазіргі кезеңде өзекті болып отыр. Автор осы әлеуметтік, этникалық проблеманы болашақ зерттеулерінде тереңірек қарастырады деген ойдамын.

Зерттеу барысында диссертант А.Ж. Ержанова Қазақстанның тәуелсіздік алуының алғашқы қадамдарына негіз болған принциптері айқындады. Сонымен қатар, посткеңестік мемлекеттердің әрқайсысы үшін тәуелсіздік жеке, тәуелсіз өмір сүруді білдірді, бірақ дәл осы бөліну принципі біртұтас негізге айналды, соның арқасында бұрынғы КСРО мемлекеттері ортақ келісімге келді. Дегенмен, бұл мемлекеттер арасына да біршама іріткілер түскенін де байқаймыз. Ұлтаралық стереотиптер мемлекетаралық қақтығыстарды туындатқанына да куә болудамыз.

Бұл тараптардың бірігуі емес, керісінше, бөлініп шығуы, тәуелсіздік алуы қажет болған жағдайда да келісімді орнату әбден мүмкін екенін көрсетеді. КСРО-дан шығуға келісім беру бұрынғы одақтас республикаларды мекендеген халықтардың еркін жігері болды. Ал енді кейбір сепаратистік мағынадағы іс-әрекеттер бұрынғы орнықты келісімдерге нұқсан келтіруде. Дегенмен, халықаралық деңгейдегі конструктивті заңнамалар ұқыпты сақталмай өркениетті қарым-қатынастарды өрбіту қиын екені анық.

«Келісім концептісі: тәуелсіз Қазақстанның тәжірибесі» атты үшінші бөлім заманауи кезеңнің әлеуметтік-философиялық мәселелерін қамтиды.

Ассамблеяның елімізде атқаратын қызметін талдаудан өткізіп, оның мемлекеттілігімізді сақтаудағы бағдарларын жіктемелейді. Ассамблея қоғамдық институт ретінде елімізде тұратын барлық этностарды жақындастыруға, жалпыадамзаттық гуманистік құндылықтарды насихаттай отырып, шиеленісті жағдайларды болдырмауға және шешуге, этносаралық қатынастардағы конфронтациялар мен экстремизмге жол бермеуге міндеттеледі деп атап көрсетеді. Әрине, ассамблеяның атқарып жатқан шаруаларына көңілі толмайтындар да көп екені айқын. Осы мәселені зерттеуші ретінде әрі қарай сараптамай беру диссертанттың болашақ ғылыми ізденістерінің нысаны болары анық. Ал енді диссертация мәтінінде автор бұл мағынадағы қарастыруларында көптеген дәйекті мағлұматтар беруге тырысқанын байқаймыз.

Автор еліміздің зайырлы мемлекет екенін ескерте отырып, бірақ дін секілді рухани құбылысқа да мән беру қажеттігін алға тартады. Осыған орай конфессияаралық келісім болмаған жерде, ұлтаралық келісім болуы мүмкін емес деген тұжырымды айтып өтеді. Әрине, діндер, діни ұйымдар арасындағы орнықты сұхбаттың рөлі өте маңызды. Себебі, рухани көшбасшылардың өзара тығыз қарым-қатынастары халықтар мен елдер арасындағы қайшылықтарды жоюға немесе жұмсартуға мүмкіндік береді және қоғамда бейбітшілік пен келісімді орнатуға көмектеседі. Заманауи жаһандық мәселелерді шешуде сұхбат әртүрлі конфессия өкілдерінің бірігуіне ықпал ететіні анық.

Шындығында автордың жұмысты қорытындысында келтіргендей келісім құбылысының екі қыры бар. Дүниедегі көптеген құбылыстар сияқты келісім өз көріністерінде екіжақты, амбивалентті қасиеттермен сипатталады, келісімнің жағымды жағы, немесе жағымсыз жағының қайсы бірі алдыңғы орынға шығуына байланысты айқындалады. Келісімнің осы немесе басқа да сипатын келісім қандай жағдайда, қандай мақсатта жүзеге асырылатынына байланысты анықтауға мүмкіндік беретін нақты көзқарас қажет. Міне осы бағдарды келісімнің философиялық сипаттамасын беруде диссертант қолдануға талаптанды және ол өзінің белгілі бір нәтижелерін берді.

Ал енді келісімнің осындай екіжақты, амбивалентті қасиеттеріне қарамастан, өзінің ұғымдық өзегінде жағымды түрде көрініс табады. Себебі, ол руханияттың қалыптасуына қызмет атқаратын бірден-бір құбылыстың қатарына жатады. Келісімнің кез келген көрінісі, тіпті мағыналық мәнінде теріс реңктері басым, түрленген, өзгертілген және тіпті бұрмаланған түрде болса да, белгілі бір үйлесімділік формасы ретінде әрекет етеді. Келісімнің антиподы – тұтастықты бұзатын келіспеушілік пен үйлесімсіздік, ал келісім тұтастық пен даму мүмкіндігін беретін белгілі бір форма ретінде айқындалды. Келісімнің анайы түрі келісімпаздық, тірексіз конформизм.

Дұрыс келісім конструктивті және жалпыға ортақ байланыстың жағымды қыры және жүйе құраушысы, сол байланысты үйлесімді, берік ететін ішкі негіз ретінде көрініс табады. Автордың «Келісім бірліктің ішкі негізі, қайшылықтарды жеңуге және жанжалдарды шешуге, қарама-қайшылықтарды біріктіруге бағытталған қызмет атқарады» деген ойын құптаймын. Жалпы автордың жіктемесі бойынша логикалық және мәдени-тарихи тұрғыдан келісімнің екі формасы ерекшеленеді: коммуникативті-рационалды және сезімдік-бейнелі. Олардың арасындағы үйлесімді байланыс пен бірлік ішкі-сезімдік, тікелей келісім логикалық және экзистенциалдық біріншілікке негізделген болуы қажет. Сонда ғана әділетті Қазақстанды құруға елімізде мүмкіндіктер толықтай ашылатынына автор меңзейді.


А.Ж. Ержанова диссертация тақырыбы бойынша халықаралық нөлдік емес Импакт-фактормен индекстелген Scopus журналдар базасына кіретін басылымда 1 мақала және ҚР БҒМ ғылым мен білім беру саласын бақылау жөніндегі Комитет ұсынған журналда 5 мақала, шетелдік, халықаралық конференциялар жинағында 5 мақала, отандық республикалық, халықаралық конференцияларда 10 мақала жариялады.

Диссертациялық жұмыстың тезистері ғылыми конференциялар мен дөңгелек үстелдерде баяндалып, ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының ғылыми-зерттеу жобалары зерттеулерінің бір бөлігі болды.

«Қазақстанның мәдени-өркениеттік дамуындағы келісім концептісі (әлеуметтік-философиялық талдау)» тақырыбындағы диссертациялық зерттеу жоғары ғылыми-теориялық деңгейде және диссертациялық жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес орындалған, А.Ж. Ержанованың ғылыми-зерттеу жұмысын қорғауға ұсынамын және қолдаймын.

Ғылыми кеңесші,

философия ғылымдарының докторы,
профессор, ҚР ҒЖБМ ҒК Философия,
саясаттану және дінтану институты
Философия орталығының жетекшісі



Нұрмұратов С.Е.

3 сәуір, 2023 ж.

